



**Жаратылыстану-математика бағыты**  
**«Аң шаруашылығы» пәні бойынша**  
**оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің білім беру**  
**бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған тест**  
**спецификациясы**  
 (2023 жылдан бастап қолдану үшін)

**1. Тест мақсаты:** Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының бітірушілері жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыра алу қабілетін анықтау.

**2. Тест міндеті:** Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің келесі білім беру бағдарламаларына түсу үшін арналған тест:

**В179-Аң шаруашылығы және аң аулау**

**3. Тест мазмұны:**

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқу мақсаты
01	Аңдар мен құстарды аулаудың биологиялық негіздері және аулау техникасы.	01	Аң аулаудың биологиялық негіздері.	Биологиялық-экономикалық зерттеу. Аңшылық шаруашылығын құру принциптері. Аңшылық шаруашылығын картографиялау. Сүтқоректілер мен құстар-аң аулау объектілері ретінде. Аңшылық шаруашылығы қызметі. Аңшылық жануарлардың ресурстары. Аңшылық шаруашылығын дамыту перспективалары туралы.
		02	Құс аулаудың биологиялық негіздері.	
		03	Аңдар мен құстарды аулау техникасы.	
02	Аңшылық қарулар, аулау құралдары және аңшылық кезіндегі техника қауіпсіздігі.	04	Аңшылық қару және оқ-дәрілер.	Трофей туралы түсінік. Жануарлар биологиясының ерекшеліктері және олардың трофей бағалау әдістері. Трофей шикізатын алдын ала өңдеу және сақтау. Жануарлар мен құстардың терісін өңдеу. Жануарлардың ұшалары мен тұлыптарын жасау негіздері. Аңшылық жануарларды аулау әдістері мен құралдарының жіктелуі. Аңшылық қару және оның жіктелуі.
		05	Өздігінен аулайтын құралдар	

				Аң аулау және ұсақ жануарлар. Өзі ұстағыш құралдар және олардың жіктелуі, тұзақтар және оларды қолдану.
		06	Аңшылық кезіндегі техника қауіпсіздігі.	Қауіпсіздік техникасы бойынша аңшының сақтау шаралары. Ұжымдық аң аулау кезіндегі нұсқаулық. Суда аң аулау ережелері. Мылтықпен жұмыс істеу жөніндегі техника және қауіпсіздік шаралары. Ату ережелері Мылтықты қолдану ережелері. Ұшақтарды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік ережелері.
03	Ит шаруашылығы және иттерді аңшылыққа пайдалану.	07	Ит шаруашылығы және иттерді аңшылыққа пайдалану.	Аңшылық шаруашылығындағы иттің маңызы. Иттердің шығу тегі, генетика және ит өсіру негіздері, стандарттар, аңшылық иттердің тұқымдары және олардың дамуы. Аңшылық иттерді ұстау. Аңшылық иттердің даму ерекшеліктері. Иттерді үйрету ережелері. Аңшылық шаруашылығында, кәсіпшілік және спорттық аңшылықта аңшылық иттерді пайдалану.
04	Биотехникалық және аңшылық шаруашылық іс-шаралар.	08	Жануарлардың қоректік жағдайларын жақсарту.	Аңшылық алқаптардың қорғау және ұя салу жағдайларын жақсарту. Аңшылық алқаптардың жем-шөп өнімділігін арттыру және жануарларды азықтандыруды ұйымдастыру.
		09	Жануарлардың паналық және ұялық жағдайларын жақсарту.	Зиянды жыртқыштармен күрес жөніндегі биотехникалық іс-шаралар. Аң аулауды акклиматизациялау және жануарларды қайта климаттау.
05	Жабайы жануарларды өсіру.	10	Жабайы жануарларды өсіру.	Жабайы жануарлар өсіру негіздері.
06	Аңдардың санын молайту әдістері.	11	Аңдардың санын молайту әдістері.	Аңдардың санын молайту әдістері. Салыстырмалы және абсолютті

07	Аңшылық жануарларды есепке алу.	12	Аңдарды есепке алу.	есепке алу әдістері.
		13	Құстарды есепке алу.	Аңшылық жануарларды есепке алудың негізгі әдістері: маршруттық есепке алу, сынақ алаңдарында есепке алу, айдауды есепке алу, сортаң жерлерде, жиналу орындарында есепке алу. Сауалнама-сауалнама, кәсіпшілік нәтижелері бойынша, қысқы қоралар бойынша Бұланды есепке алу, авиаучет. Есеп жұмыстарын ұйымдастыру.

#### 4. Тест мазмұнының сипаттамасы:

Тест «Аң шаруашылығы» пәні бойынша 40 тест тапсырмаларынан тұрады. Оның ішінде:

- 20 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 10 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары
- 10 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан тұратын 2 жағдаят (контекст).

Тапсырмалардың мазмұны осы пән бойынша типтік бағдарламада көрсетілген тақырыптарға сәйкес келеді.

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша күрделену ретімен орналасқан.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:** Тест 3 қиындық деңгейінде берілген тест тапсырмаларынан тұрады: бірінші деңгейде (А) – 25%, екінші деңгейде (В) – 50%, үшінші деңгейде (С) – 25%.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формасы:** Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:** Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минут, жалпы тестті орындау уақыты – 80 минутты құрайды. Жалпы тестті орындау уақыты контекстті оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

**8. Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау:** тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы

№204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 19-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

**9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:**

1. Акимбеков Б.Р., Серикбаева А.Т., Каспакбаев Е.М., Акоев М.Т. «Биотехния және жабайы жануарларды өсіру» Оқу құралы - Алматы ҚазҰАЗУ 2022 ж.
2. Ж.К.Құржықаев, С.Н Нарбаев, С.С. Рашитов, Н.М. Нұрғожаева, Д.К. Ибраев. «Аңдар мен құстарды аулау техникасы». Оқу құралы-Астана С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті. 2016ж. - 169 б
3. Қазақстан Республикасында аңшылық шаруашылығын жүргізу ережесі.

**«КЕЛІСІЛДІ»**  
**Оқу-әдістемелік**  
**бірлестігінің төрағасы**

**А.М.Кожакөв**

(қолы)

«     »     202\_ ж.

*Handwritten marks/signatures at the bottom left.*

*Handwritten signature.*

*Handwritten signature.*